

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор Биржасы" АҚ  
Басқармасының шешімімен

(2020 жылдың 28 желтоқсаныдағы  
№ 168 отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

2021 жылдың 11 наурызынан бастап  
**қолданысқа енгізілді**

## "Қазақстан қор биржасы" АҚ мойындайтын аудиторлық ұйымдардың тізбесін қалыптастыру **Т Ә Р Т І Б І**

Өзірлеуші: Листинг департаменті

---

---

Алматы қ.

2020

## **ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ**

**1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:**

- "Қазақстан қор Биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2022 жылдың 13 желтоқсанындағы № 145 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2022 жылдың 26 желтоқсанындағы бастап; 7 баптың 2-1 тармағы – 2023 жылғы 01 шілдеден бастап.

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) мойындайтын аудиторлық ұйымдардың тізбесін қалыптастыру тәртібі деп келесі процедуралар түсініледі:

- аудиторлық ұйымды Биржа мойындайтын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне (бұдан әрі –Тізбе) енгізу, аудиторлық ұйымды Тізбенің бір деңгейінен екіншісіне ауыстыру, аудиторлық ұйымды Тізбеден шығару, сондай-ақ аудиторлық ұйымдардың Тізбеде болуы үшін олардың Биржаның Директорлар кеңесі бекітетін Биржаның ішкі құжатында белгіленген талаптарға сәйкестігіне мониторингті жүзеге асыру;
- бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілген немесе Биржаның ресми тізіміне оның ҚЕХС немесе АҚШ БЕЖҚ талаптарына сәйкестігіне енгізілуі болжанатын эмитенттің қаржылық есептілігінің мониторингі және осы қаржылық есептілік бойынша шығарылған аудиторлық есептің ХАС талаптарына сәйкестігіне.

#### **1 бап. Негізгі ұғымдар, шартты белгілер және қысқартулар**

1. Осы Тәртіппен пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

- 1) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен алынып тасталған);*
- 2) **Биржаның Директорлар кеңесінің Эмитенттердің аудиті жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет)** – оның құзыретіне, бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілген немесе Биржаның ресми тізіміне енгізілуі жоспарланған, эмитенттің қаржылық есеп берушілігін және ол бойынша аудиторлық есептерін қарау, Тізбені қалыптастыру мәселелері бойынша шешімдерді қарау және қабылдау және, Биржаның ішкі құжаттарымен анықталған басқа да функциялар кіретін, Биржаның тұрақты құрылымдық органы. Комитет жұмысының тәртібі, Биржаның Директорлар кеңесі бекітетін, Биржаның жеке ішкі құжатымен анықталады *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген);*
- 3) **АХС** – Халықаралық аудит стандарттары және ақпараттың дұрыстығын растау жөніндегі кеңес әзірлеген, аудит жүргізудің халықаралық стандарттары және онымен байланысты процедуралар *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген);*
- 4) **ХҚЕС** – халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес әзірлеген бухгалтерлік есепті жүргізудің және қаржылық есептілікті жасаудың халықаралық стандарттары;
- 5) **АҚШ БЕЖҚ** – Америка Құрама Штаттарындағы қаржылық бухгалтерлік есеп стандарттары жөніндегі Кеңес әзірлеген бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасаудың жалпыға бірдей қабылданған стандарттары;
- 6) **Тізбе** – эмитенттің бағалы қағаздарын Биржаның ресми тізіміне енгізу және олардың сонда болуы мақсаттары үшін Биржа мойындайтын аудиторлық ұйымдардың Тізбесі *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген);*
- 7) **Талаптар** – Биржаның Директорлар кеңесі бекітетін Биржаның ішкі құжатында белгіленген аудиторлық ұйымдарды Тізбеге енгізу және олардың сонда болуы мақсаттары үшін Биржа қоятын талаптар *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген);*
- 8) **Сарапшы-аудитор** – функцияларына аудиторлық ұйымды Тізбеге енгізу және оны табу мақсатында талаптарға сәйкестігін тексеру, сондай-ақ бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілген немесе

Биржаның ресми тізіміне енгізу болжанып отырған эмитенттің қаржылық есептілігіне, оның ХҚЕС немесе АҚШ БЕЖҚ талаптарына сәйкестігіне және осы қаржылық есептілік бойынша шығарылған аудиторлық есепке, ХАС талаптарына сәйкестігіне мониторингті жүзеге асыру кіретін Биржаның қызметкері;

- 9) **is2in** – Биржа мен оның клиенттері арасында Биржаның меншік құқығында тиесілі, Биржаның ішкі құжаттарында айқындалған листингтік және басқа да процедураларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін "Issuers to investors" мамандандырылған электрондық құжат айналымы жүйесі;
  - 10) **Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңес (бұдан әрі – Кәсіби кеңес)** – аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйым (аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдар) құрған, мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген*).
2. Осы Тәртіппен пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен шартты белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында айқындалған ұғымдар мен шартты белгілерге ұқсас.

## **2 бап.**

### **Негізгі қағидалар**

1. Құжаттардың толықтығы, дәлдігі, дұрыстығы, өзектілігі, сондай-ақ көрсетілген құжаттардың (ақпараттың, мәліметтердің) электрондық нұсқаларында және олардың қағаз жеткізгіштерде ұсынылған түпнұсқаларында немесе көшірмелерінде қамтылған деректердің бірдей болуы үшін аудиторлық ұйым жауапты болады.
2. Биржа жауапты емес:
  - 1) аудиторлық ұйымның олардың негізінде аудиторлық ұйымды Тізбеге енгізу, Тізбенің бір деңгейінен екіншісіне ауыстыру туралы шешім қабылданған толық емес, дәл емес, анық емес және өзекті емес құжаттарды (ақпарат пен мәліметтерді) ұсынуы;
  - 2) аудиторлық ұйымның құжаттарды (ақпарат пен мәліметтерді) жасыруы.
3. Биржа, Биржаның құрылымдық бөлімшелері, аудиторлық ұйым, бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілген немесе Биржаның ресми тізіміне енгізу болжанып отырған эмитент арасында тізбені қалыптастыру рәсімдерін жүзеге асыру мақсатында құжаттар (ақпарат, мәліметтер) алмасу болып табылады:
  - 1) Биржаға меншік құқығында тиесілі, Биржаның ішкі құжаттарында айқындалған листингтік және басқа да рәсімдерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін "Issuers to investors" электрондық құжат айналымының мамандандырылған жүйесінде (бұдан әрі – is2in жүйесі); немесе
  - 2) қағаз тасығыштарда.

Бұрын is2in жүйесін пайдаланбаған аудиторлық ұйым Биржаға auditor\_listing@kase.kz электрондық мекенжайға аудиторлық ұйымның байланыс тұлғалары үшін is2in жүйесінде есептік жазбалар құру туралы сұрау жолдайды (*осы абзац Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).
4. Is2in жүйесі арқылы процедураларды орындау кезінде аудиторлық ұйым қажет:
  - 1) жүйеде сәйкестендіруден өту және тиісті рәсімді таңдау;

- 2) Тізбеде аудиторлық ұйымды қосу және/немесе табу мақсатында аудиторлық ұйымның сауалнамасын толтыру және/немесе жаңарту;
- 3) осы Тәртіпке қосымшада айқындалған құжаттарды \*pdf және \*xlsx, форматта жүктеу \*pdf форматындағы құжаттар олардың қағаз нұсқаларының сканерленген көшірмелері болуы тиіс.

Егер Биржаға ұсынылатын құжаттар мемлекеттік, орыс тілдерінен басқа тілдерде жасалса, оларға көрсетілген құжаттардың мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріне (тілдеріне) аудармасы қоса берілуге тиіс);
- 4) тиісті процедураны өткізу туралы өтінішті толтыру. Бұл ретте аталған өтініште процедураны жүзеге асыру кезінде Биржамен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті аудиторлық ұйым Байланысатын тұлға туралы ақпарат қосымша қамтылуға тиіс;
- 5) өтінішке және жүктелген құжаттарға аудиторлық ұйымның бірінші басшысының немесе ол осындай әрекеттерді жасауға уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қоюға және оларды Биржаға жіберуге міндетті.

Егер өтінішке аудиторлық ұйымның бірінші басшысы осындай әрекеттерді жасауға уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылса, онда \*pdf форматындағы сенімхаттың көшірмесі қосымша жүктеледі аудиторлық ұйымның бірінші басшысы қол қойған.
5. Процедураларды аудиторлық ұйымның қағаз жеткізгіштерінде жүзеге асыру кезінде Биржаға өтініш беру қажет, онда процедураларды жүзеге асыру кезінде Биржамен өзара іс-қимыл жасауға аудиторлық ұйым уәкілеттік берген байланыс тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), атқаратын лауазымы, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы көрсетіледі, және оған осы Тәртіпке қосымшада анықталған, тігілген, нөмірленген және аудиторлық ұйымның бірінші басшысы немесе осындай әрекеттерді жасауға уәкілеттік берілген адам қол қойылған құжаттардың көшірмелері қоса беріледі. Егер өтінішке аудиторлық ұйымның бірінші басшысы осындай әрекеттерді жасауға уәкілеттік берген тұлға қол қойса, онда аудиторлық ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес аудиторлық ұйымның бірінші басшысы қол қойған сенімхат қосымша ұсынылады ([осы абзац Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген](#)).
- Көрсетілген өтініш пен құжаттардың көшірмелері Биржаға электрондық түрде \*pdf және \*xlsx форматта электрондық пошта мекенжайы auditor\_listing@kase.kz олардың қағаз нұсқаларының сканерленген көшірмелері түрінде қосымша ұсынылуы тиіс.

Егер Биржаға ұсынылатын құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінен басқа өзге тілдерде жасалса, оларға аталған құжаттардың мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріне (тілдеріне) аудармалары қоса берілуге тиіс, олар тігілуге, нөмірленуге және аудиторлық ұйымның бірінші басшысы немесе ол осындай әрекеттерді жасауға уәкілеттік берген адам қол қоюға тиіс.
6. Аудиторлық ұйым өтінішті және қағаз жеткізгіштегі құжаттарды берген кезде процедураларды is2ip жүйесі арқылы құжаттармен (ақпарат, мәліметтер) алмасу арқылы жүзеге асыру мүмкін емес.

Is2ip жүйесінде техникалық іркілістер анықталған жағдайда процедураларды жүзеге асыру осы жүйенің жұмыс қабілеттілігі қалпына келген сәтке дейін қағаз тасығыштарда жүргізіледі.
7. Егер аталған құжаттар Тізімге енгізу және/немесе аудиторлық ұйымды табу рәсімдері шеңберінде Биржаға ұсынылған болса және Биржаға өтініш

берген сәтте өзекті болып табылса, құжаттарды қайта ұсыну талап етілмейді.

8. Аудиторлық ұйымды тізімге енгізу және табу мақсатында Биржа аудиторлық ұйымнан негізделген шешім қабылдау үшін қажетті қосымша құжаттарды (ақпаратты, мәліметтерді) талап етуге құқылы. Биржа өтінішті қарауға қабылдау үшін белгілеген мерзім ішінде Биржа сұратқан құжаттарды (ақпаратты, мәліметтерді) бермеу дәлелді бас тарту үшін негіз болып табылады.

**3 бап.**

**Аудиторлық ұйымды Тізбеге енгізу, аудиторлық ұйымды Тізбенің екінші деңгейінен бірінші деңгейіне ауыстыру**

1. Комитет аудиторлық ұйымды Тізбеге енгізу, аудиторлық ұйымды Тізбенің екінші деңгейінен бірінші деңгейіне ауыстыру туралы мәселені қарау үшін аудиторлық ұйым осы Тәртіпке қосымшада көрсетілген өтініш пен құжаттарды Биржаға ұсынады (*осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).
2. Биржаның құжаттардың осы Тәртіпке қосымшада белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру мерзімі өтініш пен құжаттарды алған күннен кейінгі бес жұмыс күнінен аспайды.
3. Аудиторлық ұйым осы Тәртіпке қосымшада белгіленген талаптарға анық сәйкес келмеген жағдайда, Биржа аудиторлық ұйымға дәлелді бас тарту жібереді.

Дәлелді бас тартуды дайындау үшін негіздер болмаған жағдайда Биржа өтінішті қарауға қабылдайды.

4. Биржа өтінішті қарауға қабылдаған күннен кейінгі 30 жұмыс күні ішінде аудиторлық ұйымның талаптарға сәйкестігін, соның ішінде АҚШ ҚЕХС/БЕЖҚ және ХАС талаптарына сәйкес аудиторлық ұйым ұсынған қаржылық есептіліктердің және олар бойынша аудиторлық есептердің ашылуын тексеруді жүзеге асырады және көрсетілген мерзімде аудиторлық ұйымға өз түсініктемелерін жібереді.
5. Аудиторлық ұйым Биржадан түсініктемелер келіп түскен күннен кейінгі күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде өз түсіндірмелерін жібереді. Егер көрсетілген мерзімде аудиторлық ұйым түсіндірмелер бермеген жағдайда, аудиторлық ұйымның түсініктемелерге түсіндірмелері жоқ деп есептеледі.
6. Биржа аудиторлық ұйымның Биржаның түсініктемелеріне түсініктеме берген күннен кейінгі екі жұмыс күні ішінде аудиторлық ұйымның талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды дайындайды.
7. Биржа қорытынды дайындалғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде Комитет туралы ережеде анықталған тәртіппен аудиторлық ұйымды Тізбеге енгізу, аудиторлық ұйымды Тізбенің екінші деңгейінен бірінші деңгейіне ауыстыру туралы мәселені Комитеттің қарауына шығарады (*осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).
8. Биржа шешім қабылданған күннен кейінгі екі жұмыс күнінен кешіктірмей Комитет қабылдаған шешім туралы ақпаратты аудиторлық ұйымға жеткізеді, сондай-ақ көрсетілген мерзімде аудиторлық ұйымды Тізбеге енгізу туралы, Тізбенің екінші деңгейінен бірінші деңгейіне ауыстыру туралы, сондай-ақ жаңартылған Тізбе туралы ақпараттық хабарламаны Биржаның интернет-ресурсында орналастырады (*осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).

**4 бап. Аудиторлық ұйымдардың мониторингі**

1. Тізбеде болу мақсатында аудиторлық ұйым осы Тәртіпке қосымшада көрсетілген құжаттардың қолданылу мерзімі өткен күннен кейінгі күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде және/немесе оның атауы, заңды және/немесе нақты мекенжайы, байланыс ақпараты өзгерген кезде Биржаға жаңартылған ақпарат пен өзекті құжаттарды ұсынуға міндетті.
2. Сарапшы-аудитор бағалы қағаздары биржаның ресми тізіміне енгізілген эмитенттің қаржылық есеп берушілігінде АҚШ ҚЕХС/ БЕЖҚ талаптарына сәйкес ақпаратты ашуды, сондай-ақ осы қаржылық есеп берушілік бойынша АХС талаптарына сәйкес шығарылған аудиторлық есепті құрастыруды іріктеп тексеруді жүзеге асырады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

Ішінара тексеру мынадай критерийлерге сүйене отырып жүзеге асырылады:

- 1) бірінші деңгей бойынша Тізбеде тұрған және аудит, консалтинг бойынша қызметтерді және басқаша "үлкен төрттік" (Big 4: Ernst&Young, PricewaterhouseCoopers, Deloitte, KPMG) деп аталатын қаржылық консультация беру бойынша өзге де қызметтерді ұсынатын ірі халықаралық компаниялардың төрт желісінің біріне кіретін аудиторлық ұйымдар – үш жылда бір рет тексеріледі;
- 2) Осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген аудиторлық ұйымдарды қоспағанда, Бірінші деңгей бойынша Тізбеде тұрған аудиторлық ұйымдар – бағалы қағаздары биржаның ресми тізіміне енгізілген эмитенттердің қаржылық есептілігінің үш жиынтығы бойынша екі жылда бір рет тексеріледі;
- 3) Екінші деңгей бойынша Тізбеде тұрған аудиторлық ұйымдар – бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілген эмитенттердің қаржылық есептілігінің үш жиынтығы бойынша жылына бір рет тексеріледі.

Егер Тізбедегі аудиторлық ұйым бағалы қағаздары биржаның ресми тізіміне енгізілген эмитенттерге аудит жүргізбесе, іріктеп тексеруді жүзеге асыру мақсаттары үшін аудиторлық ұйым сұрау салу бойынша және биржа белгілеген мерзімдерде осы аудиторлық ұйым АХС сәйкес шығарған үш аудиторлық есепті және оларға қоса берілген соңғы аяқталған қаржы жылы үшін АҚШ ҚЕХС/БЕЖҚ сәйкес жасалған жылдық қаржылық есеп берушілікті ұсынады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген)*.

3. Сарапшы-аудитор осы баптың 2 тармағында көрсетілген критерийлерге сәйкес бағалы қағаздары аудиторлық ұйымның аудиторлық есебімен расталған Биржаның ресми тізіміне енгізілген эмитенттің қаржылық есептілігін еркін тәртіппен таңдайды және оны жүзеге асырады:
  - 1) қаржылық есептілікте ақпаратты ашу сапасын: баяндаудың толықтығы, айқындығы, орындылығы және салыстырмалылығы сияқты критерийлерге тексеруді;
  - 2) Сандық мәндердегі қателердің және/немесе дәлсіздіктердің болуын тексеру мақсатында қаржылық есептілік деректерін және оған ескертпелерді математикалық қайта есептеу;
  - 3) ҚЕХС/АҚШ БЕЖҚ талаптарына сәйкес қаржылық есептіліктегі ақпаратты ашудың толықтығын тексеру;
  - 4) АХС талаптарына сәйкес қаржылық есептілікке аудиторлық есепте ақпараттың ашылуын тексеруді қамтиды.
4. Егер сарапшы-аудиторда бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілген эмитенттің қаржылық есептілігінде АҚШ ҚЕХС/БЕЖҚ талаптарына сәйкес ақпараттың ашылуын тексеру нәтижелері бойынша ескертулер

және/немесе сұрақтар болса, сондай-ақ ХАС талаптарына сәйкес осы қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есепті жасау кезінде сарапшы-аудитор аудиторлық ұйымға және/немесе эмитентке олардың тарапынан түсініктемелер беру мақсаттары үшін түсініктемелер жібереді.

5. Бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілген эмитент және аудиторлық ұйым Биржадан комментарийлер түскен күннен кейінгі күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өз түсіндірмелерін Биржаға жібереді. Егер көрсетілген мерзімде түсіндірмелер берілмесе, аудиторлық ұйымда және/немесе эмитентте Биржаның комментарийлеріне түсіндірмелер жоқ деп есептеледі *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
6. Егер бағалы қағаздары ресми тізімге енгізілген эмитенттің қаржылық есептілігін және ол бойынша аудиторлық есепті тексеру нәтижелері бойынша сарапшы-аудитор сарапшы-аудитордың пікірі бойынша қаржылық есептілікті пайдаланушылардың дұрыс экономикалық шешім қабылдауына әсер ете алмайтын кемшіліктерді анықтаса, онда Биржа эмитентті және/немесе аудиторлық ұйымды осындай кемшіліктерді жою қажеттігі туралы ресми хатпен хабардар етеді.
7. Егер бағалы қағаздары ресми тізімге енгізілген эмитенттің қаржылық есептілігін және ол бойынша аудиторлық есепті тексеру нәтижелері бойынша сарапшы-аудитор сарапшы-аудитордың пікірі бойынша, бағалы қағаздары ресми тізімге енгізілген эмитенттің қаржылық есептілігінің ХҚЕС немесе АҚШ БЕЖҚ талаптарына және/немесе ол бойынша аудиторлық есептің ХАС талаптарына сәйкес келмеу фактілерін куәландыратын кемшіліктерді анықтаса және осы фактілер пайдаланушылардың қаржылық есептілікті дұрыс экономикалық шешім қабылдауына әсер етуі мүмкін болса, онда сарапшы-аудитор:
  - Комитеттің отырысына бағалы қағаздары ресми тізімге енгізілген эмитенттің қаржылық есептілігін, оның ХҚЕС немесе АҚШ БЕЖҚ талаптарына сәйкестігін және осы қаржылық есептілік бойынша шығарылған аудиторлық есептің хас талаптарына сәйкестігін қарау туралы мәселе шығарылады;
  - аудиторлық ұйымның атына Биржа аудиторлық есепті қайта шығару қажеттілігі туралы хат жолдайды және осы ақпаратты Кәсіби кеңестің назарына жеткізеді (егер бұл факт бірінші белгіленген жағдай болып табылса); немесе *(осы абзац Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*
  - Комитеттің қарауына аудиторлық ұйымды Тізбеден алып тастау туралы мәселе шығарылады (егер бұл факт қайта анықталған жағдай болса).
8. Сарапшы-аудитор бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілген эмитенттердің қаржылық есеп берушілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның мониторингін үнемі жүргізеді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген)*.

## **5 бап.**

### **Аудиторлық ұйымды Тізбенің бірінші деңгейінен екінші деңгейіне ауыстыру**

1. Аудиторлық ұйымды Тізбенің бірінші деңгейінен екінші деңгейіне ауыстыру, егер аудиторлық ұйым бірінші деңгей бойынша аудиторлық ұйымның болуы үшін белгіленген талаптарға сәйкес келмеген және бұл ретте аудиторлық ұйымның екінші деңгей бойынша болуы үшін белгіленген Талаптарға сәйкес келген жағдайда жүзеге асырылады.



2. Осы баптың 1 тармағында белгіленген негіздер туындаған кезде Биржа Комитет туралы Қағидада айқындалған тәртіппен осы мәселені Комитеттің отырысына шығарады.
3. Биржа Комитет шешім қабылдаған күннен кейінгі екі жұмыс күнінен кешіктірмей Комитет қабылдаған шешім туралы ақпаратты аудиторлық ұйымның назарына жеткізеді.

**6 бап. Бағалы қағаздары ресми тізімге енгізілген немесе Биржаның ресми тізіміне енгізу болжанып отырған эмитенттің қаржылық есептілігін мониторингілеу тәртібі**

1. Бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілген немесе Биржаның ресми тізіміне енгізу болжанып отырған эмитенттің қаржылық есептілігінің мониторингін сарапшы-аудитор бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілген немесе Биржаның ресми тізіміне енгізу болжанып отырған эмитенттің қаржылық есептілігінде АҚШ ҚЕХС/БЕЖҚ талаптарына сәйкес ақпаратты ашу тұрғысынан Биржаның құрылымдық бөлімшелерінен тиісті сұрау салу келіп түскен кезде, сондай-ақ ХАС талаптарына сәйкес осы қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есеп жасаған кезде жүзеге асырады.
2. Сарапшы-аудитор тиісті сұрау салу келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады:
  - 1) қаржылық есептілікте ақпаратты ашу сапасын: баяндаудың толықтығы, айқындығы, орындылығы және салыстырмалылығы сияқты критерийлерге тексеруді;
  - 2) Сандық мәндердегі қателердің және/немесе дәлсіздіктердің болуын тексеру мақсатында қаржылық есептілік деректерін және оған ескертпелерді математикалық қайта есептеу;
  - 3) АҚШ ҚЕХС/БЕЖҚ талаптарына сәйкес қаржылық есептіліктегі ақпараттың толық ашылуын тексеру;
  - 4) ХАС талаптарына сәйкес қаржылық есептілікке аудиторлық есепте ақпараттың ашылуын тексеруді қамтиды.
3. Егер бағалы қағаздары ресми тізімге енгізілген немесе Биржаның ресми тізіміне енгізу болжанып отырған эмитенттің қаржылық есептілігін және (бар болса) осындай есептілік бойынша аудиторлық есепті тексеру нәтижелері бойынша сарапшы-аудитор осы есептілікте және/немесе аудиторлық есепте кемшіліктерді анықтаса, сарапшы-аудитор аудиторлық ұйымға және/немесе эмитентке олардың тарапынан түсініктемелер беру мақсаттары үшін тиісті түсініктемелер жібереді.

Егер бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілген немесе Биржаның ресми тізіміне енгізу болжанып отырған эмитенттің қаржылық есептілігін және (болған жағдайда) осындай есептілік бойынша аудиторлық есепті тексеру нәтижелері бойынша сарапшы-аудитор осы есептілікте және/немесе аудиторлық есепте кемшіліктерді анықтамаса, сарапшы-аудитор бұл туралы сұрау жіберген Биржаның құрылымдық бөлімшесін хабардар етеді.
4. Бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілген немесе Биржаның ресми тізіміне енгізу болжанып отырған Аудиторлық ұйым және/немесе эмитент биржадан түсініктемелер келіп түскен күннен кейінгі күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өз түсіндірмелерін Биржаға жібереді. Егер көрсетілген мерзімде түсініктемелер берілмесе, аудиторлық ұйымда және/немесе эмитентте Биржаның түсініктемелеріне түсініктеме жоқ деп есептеледі.

5. Егер бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілген немесе Биржаның ресми тізіміне енгізу болжанып отырған эмитенттің қаржылық есептілігін және ол бойынша аудиторлық есепті (бар болса) тексеру нәтижелері бойынша сарапшы-аудитор сарапшы-аудитордың пікірі бойынша қаржылық есептілікті пайдаланушылардың дұрыс экономикалық шешім қабылдауына әсер ете алмайтын кемшіліктерді анықтаса, онда Биржа ресми хатпен аудиторлық ұйымды және/немесе эмитентті осындай кемшіліктерді жою қажеттігі туралы хабардар етеді.
6. Егер бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілген немесе Биржаның ресми тізіміне және ол бойынша аудиторлық есепке (Бар болса) енгізу болжанатын эмитенттің қаржылық есептілігін тексеру нәтижелері бойынша сарапшы-аудитор сарапшы-аудитордың пікірі бойынша осы қаржылық есептіліктің, ҚЕХС немесе АҚШ БЕЖҚ талаптарына және/немесе ол бойынша аудиторлық есептің ХАС талаптарына сәйкес келмеу фактілері туралы куәландыратын кемшіліктерді анықтаса және осы фактілер пайдаланушылардың қаржылық есептілікті дұрыс экономикалық шешім қабылдауына әсер етуі мүмкін болса, онда:
  - комитеттің отырысына бағалы қағаздары биржаның ресми тізіміне енгізілген немесе Биржаның ресми тізіміне енгізу болжанып отырған эмитенттің қаржылық есептілігін, оның ХҚЕС немесе АҚШ БЕЖҚ талаптарына сәйкестігін және осы қаржылық есептілік бойынша шығарылған аудиторлық есепті хас талаптарына сәйкестігін қарау туралы мәселе шығарылады;
  - аудиторлық ұйымның атына Биржа аудиторлық есепті қайта шығару қажеттілігі туралы ұсыныс хат жолдайды және осы ақпаратты кәсіби кеңестің назарына жеткізеді (егер бұл факт бірінші белгіленген жағдай болып табылса); немесе *(осы абзац Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*
  - Комитеттің қарауына аудиторлық ұйымды Тізбеден алып тастау туралы мәселе шығарылады (егер бұл факт қайта анықталған жағдай болса).

## **7 бап.**

### **Аудиторлық ұйымды Тізбеден алып тастау**

1. Аудиторлық ұйымды Тізбеден алып тастау мынадай негіздердің бірінің немесе бірнешеуінің негізінде жүзеге асырылуы мүмкін:
  - 1) аудиторлық ұйымның Талаптарға сәйкес келмеу фактілерінің анықталуы;
  - 2) аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын тоқтату;
  - 3) бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілген немесе Биржаның ресми тізіміне енгізу болжанып отырған эмитенттің қаржылық есептілігінің ХҚЕС немесе АҚШ БЕЖҚ талаптарына және/немесе ол бойынша шығарылған аудиторлық есептің ХАС талаптарына сәйкес келмеуінің екі және одан да көп жағдайларын Комитеттің анықтауы және осы жағдайлар осы қаржылық есептілікті пайдаланушылардың дұрыс экономикалық шешім қабылдауына әсер етуі мүмкін;
  - 4) Комитет оны Тізбеге енгізу немесе Тізбенің екінші деңгейінен бірінші деңгейіне ауыстыру туралы шешім қабылдаған кезде немесе оның Тізбеде болған уақытында аудиторлық ұйымның өзі және өз қызметі туралы анық емес, дәл емес немесе толық емес ақпарат беруі;
  - 5) Комитеттің осы Қағиданың 4 бабының 1 тармағында белгіленген міндеттерді үш және одан да көп бұзған жағдайларын күнтізбелік 12 ай ішінде анықтауы;

- б) Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасында және/немесе ресми көздерден биржаға белгілі болған Халықаралық бухгалтерлер федерациясының Әдеп кодексінде айқындалған негізгі қағидаттарды аудиторлық ұйымның бұзу фактілерін анықтау.
2. Осы баптың 1 тармағында белгіленген негіздер туындаған кезде Биржа Комитет туралы Қағидада айқындалған тәртіппен осы мәселені Комитеттің отырысына шығарады.
- 2-1 Осы Тәртіптің 4 бабының 8 тармағына сәйкес сарапшы-аудитор жүзеге асыратын мониторинг нәтижелері бойынша қатарынан күнтізбелік 24 ай ішінде Биржаға бағалы қағаздары аудиторлық ұйымның есебімен расталған Биржаның ресми тізіміне енгізілген қандай да бір эмитенттің қаржылық есеп берушілігінің бірде-бір жиынтығы ұсынылмағаны анықталса, онда мұндай аудиторлық ұйым материалдарды Комитеттің қарауына шығармай, Тізбеден автоматты түрде шығарылады.

Биржа аудиторлық ұйымды алып тастағаннан кейін бес жұмыс күні ішінде оның Тізбеден шығарылғаны туралы хабардар етеді.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген мерзім мынадай күндердің неғұрлым кешінен есептеледі:

- 1) аудиторлық ұйымның Тізбеге енгізілген күні;
- 2) бағалы қағаздары осы аудиторлық ұйымның есебімен расталған Биржаның ресми тізіміне енгізілген қандай да бір эмитенттің қаржылық есеп берушілік жиынтығын Биржаға беру күні.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген)*

3. Биржа Комитет аудиторлық ұйымды Тізбеден шығару туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі екі жұмыс күнінен кешіктірмей Комитет қабылдаған шешім туралы ақпаратты аудиторлық ұйымға жеткізеді, сондай-ақ көрсетілген мерзімде аудиторлық ұйымды Тізбеден шығару туралы ақпараттық хабарламаны Биржаның интернет-ресурсында орналастырады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Аудиторлық ұйымды Тізбеден аудиторлық ұйымның бастамасы бойынша алып тастауды Комитет аудиторлық ұйымның бірінші басшысы немесе оны алмастыратын адам қол қойған аудиторлық ұйымның өтініші негізінде шешім қабылдамай жүзеге асырады. Егер аудиторлық ұйымның өтінішінде өзгесі көрсетілмесе, аудиторлық ұйым көрсетілген өтініш берілген күннен кейінгі 5 жұмыс күні ішінде Тізбеден шығарылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

#### **8 бап. Тұжырымды қағидалар**

1. Осы Тәртіп Биржаның интернет-ресурсында жариялануға тиіс.
2. Осы Тәртіп қажеттілігіне қарай, бірақ осы Тәртіп қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектілендіруге жатады.

"Қазақстан қор биржасы" АҚ мойындайтын  
аудиторлық ұйымдардың тізбесін қалыптастыру тәртібі

---

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
мойындайтын аудиторлық  
ұйымдардың тізбесін  
қалыптастыру тәртібіне

**Қосымшак**

**Аудиторлық ұйымның ұсынуына жататын құжаттардың  
ТІЗБЕСІ**

№ р/с	Құжаттың атауы	Қағаз жүзінде ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар	is2in жүйесі арқылы ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар	Ескерту
А	1	2	3	4
1.	Аудиторлық ұйымның Биржа Басқармасы Төрағасының атына аудиторлық ұйымды бірінші/екінші деңгей бойынша Тізбеге енгізу туралы/аудиторлық ұйымды Тізбенің бір деңгейінен екінші деңгейіне ауыстыру туралы/аудиторлық ұйымның бастамасы бойынша аудиторлық ұйымды тізбеден шығару туралы өтініші	Аудиторлық ұйымның бірінші басшысы немесе ол осындай әрекеттерді жасауға уәкілеттік берген тұлға қол қойған қағаз жеткізгіштегі, сондай-ақ * pdf форматтағы электрондық түрдегі түпнұсқа.	*doc/docx форматтағы өтініш.аудиторлық ұйымның бірінші басшысы немесе ол осындай әрекеттерді жасауға уәкілеттік берген адам қол қойған	

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ мойындайтын  
аудиторлық ұйымдардың тізбесін қалыптастыру тәртібі**

№ р/с	Құжаттың атауы	Қағаз жүзінде ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар	is2in жүйесі арқылы ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар	Ескерту
А	1	2	3	4
2.	Аудиторлық ұйымның сауалнамасы (аудиторлық ұйымның сауалнамасының нысаны Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған) немесе is2in жүйесінде электрондық формата	Аудиторлық ұйымның бірінші басшысы немесе ол осындай әрекеттерді жасауға уәкілеттік берген тұлға қол қойған қағаз жеткізгіштегі, сондай-ақ * pdf форматтағы электрондық түрдегі түпнұсқа.	Аудиторлық ұйым is2in жүйесіндегі жеке кабинет арқылы таңдалған деңгей бойынша сауалнаманы толтырады	
3.	Кәсіби кеңес берген, сапаны сыртқы бақылау қорытындысы <i>(осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)</i>	Қағаз тасығыштағы және электронды түрде * pdf форматтағы түпнұсқаның нотариалды куәландырылған көшірмесі	*pdf форматындағы құжат түпнұсқасының сканерленген көшірмесі	
4.	Аудиторлық қызметті жүзеге асыруды растайтын құжаттар: 1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (құжат); 2) аудиторлық ұйымның лицензиясы	Түпнұсқаның көшірмесі қағаз тасығышта және *.pdf форматындағы электрондық нұсқасы	Құжаттың *.pdf форматындағы электрондық нұсқасы	
<i>(Осы жол Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)</i>				

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ мойындайтын  
аудиторлық ұйымдардың тізбесін қалыптастыру тәртібі**

№ р/с	Құжаттың атауы	Қағаз жүзінде ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар	is2in жүйесі арқылы ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар	Ескерту
А	1	2	3	4
5.	<p>Аудиторлар бойынша-аудиторлық ұйымның қызметкерлері:</p> <p>1) талаптарға сәйкес біліктілігінің /лицензиясының/сертификатының/ дипломының/куәлігінің барын растайтын құжаттар;</p> <p>2) аудитордың аудиторлық ұйымның қызметкері екенін растайтын құжат (жұмысқа қабылдау туралы бұйрық немесе жұмыс орнынан анықтама);</p> <p>3) аудитор-қызметкерлердің деректерін "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылдың 20 қарашасындағы № 304-І Заңының 8 бабының 1 тармағында белгіленген норма талаптарының сақталуы туралы куәландыру-хат.</p>	<p>1) түпнұсқаның қағаз тасығыштағы және *.pdf форматындағы электрондық түрдегі нотариалды куәландырылған көшірмесі;</p> <p>2) түпнұсқасы қағаз тасығыштағы және *.pdf форматындағы электрондық түрдегі жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі немесе жұмыс орнынан анықтамасы;</p> <p>3) қағаз тасығыштағы және *.pdf форматындағы электрондық түрдегі түпнұсқасы</p>	<p>Құжаттың түпнұсқасының *.pdf форматындағы сканерленген көшірмесі</p>	<p>Халықаралық қаржылық есептілік дипломы (Diploma in the International Financial Reporting, DiplIFR ACCA) Ұлыбританияның сертификатталған бухгалтерлер қауымдастығымен расталуы керек</p>
<p><i>(Осы жол Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)</i></p>				

"Қазақстан қор биржасы" АҚ мойындайтын  
аудиторлық ұйымдардың тізбесін қалыптастыру тәртібі

№ р/с	Құжаттың атауы	Қағаз жүзінде ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар	is2ip жүйесі арқылы ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар	Ескерту
А	1	2	3	4
6.	<p>Осы аудиторлық ұйым ХАС-ға сәйкес шығарған және оларға қоса берілген АҚШ ҚЕХС/БЕЖҚ-ға сәйкес жасалған жылдық (аралық) қаржылық есеп берушіліктің ішінен аудиторлық есептер (шолулар). Егер аудиторлық ұйым оны аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енгізуге үміткер болса:</p> <p>1) бірінші деңгей бойынша аудиторлық есептер және / немесе шолулар соңғы үш жылға шығарылуы керек;</p> <p>2) екінші деңгей бойынша аудиторлық есептер және / немесе шолулар соңғы екі жылға шығарылуы керек</p>	<p>Қағаз тасығыштағы және электрондық түрдегі *.pdf форматындағы көшірме, сондай-ақ қаржылық есеп берушілік нысандары және оған *xlsx форматындағы кестелік нысандағы ескертпелер</p>	<p>Құжаттың түпнұсқасының сканерленген *.pdf форматындағы көшірмесі, сондай-ақ қаржылық есеп берушілік нысандары және оған *xlsx форматындағы кестелік нысандағы ескертпелер</p>	<p>1. <b>20 жиынтық</b> бірінші деңгей бойынша Тізбеге енгізу үшін немесе Тізбенің екінші деңгейінен бірінші деңгейіне ауыстыру үшін.</p> <p>2. <b>15 жиынтық</b> екінші деңгей бойынша тізімге енгізу үшін.</p> <p>Аудиторлық ұйымды деңгейге қарамастан Тізбеге енгізу үшін Биржа ҚР Қаржы министрінің 2017 жылдың 28 маусымындағы № 404 бұйрығына сәйкес дайындалған қаржылық есеп берушілік жиынтығын қарастырмайды.</p>

*(Осы жол Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ мойындайтын  
аудиторлық ұйымдардың тізбесін қалыптастыру тәртібі**

№ р/с	Құжаттың атауы	Қағаз жүзінде ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар	is2ip жүйесі арқылы ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар	Ескерту
А	1	2	3	4
7.	Өтініш берілгенге дейін соңғы өткен күнтізбелік тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша аудиторлық ұйымның үлестес жеке тұлғалары туралы мәліметтер	Құжат тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), аффилиирленгендігін тану үшін негіздемені, осы жеке тұлғалардың аффилиирленуінің пайда болған күнін көрсете отырып, еркін нысанда жасалады. Қағаз тасығышта және электронды түрде * pdf форматта түпнұсқа қағаз нұсқасының сканерленген көшірмесі болып табылатын	* pdf форматындағы құжат түпнұсқасының сканерленген көшірмесі.	Егер аудиторлық ұйымның үлестес жеке тұлғаларының тізімі өтініш берілген күн мен комитеттің отырысына биржадан шақыру алынған сәт арасындағы кезеңде өзгерген жағдайда, аудиторлық ұйым комитеттің отырысына шақыруды алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей, Биржаға аудиторлық ұйымның үлестес жеке тұлғаларының жаңартылған тізімін ұсынады
8.	Аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды растайтын қолданыстағы сақтандыру полисі	Көшірмесі қағаз тасығышта және электронды түрде *pdf форматта түпнұсқаның сканерленген көшірмесі	Құжаттың .pdf* форматындағы электрондық нұсқасы (осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)	



**"Қазақстан қор биржасы" АҚ мойындайтын  
аудиторлық ұйымдардың тізбесін қалыптастыру тәртібі**

№ р/с	Құжаттың атауы	Қағаз жүзінде ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар	is2in жүйесі арқылы ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар	Ескерту
А	1	2	3	4
9.	Аудиторлық ұйымның бірінші басшысының және/немесе өтінішке қол қоюға уәкілетті тұлғаның, сондай-ақ процедураларды жүзеге асыру кезінде Биржамен өзара іс-қимыл жасауға аудиторлық ұйым уәкілеттік берген тұлғаның қол қою үлгілері бар өзекті карточка	Қағаз тасығыштағы және электронды түрде *pdf форматтағы түпнұсқаның нотариалды куәландырылған көшірмесі.	Қолданылмайды	